

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		34 беттің I беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы 8D10141–Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Касымов Куаныш Тлебалдыевичтің «Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға жиналған диссертациялық кеңес отырысының

СТЕНОГРАММАСЫ

ХАТТАМА № 1

Шымкент қаласы

«26» маусым 2024 жыл

Диссертациялық кеңестің отырысына диссертациялық кеңестің 8 мүшесінен 8 мүшесі қатысты, соның ішінде қарастырылып отырған диссертация саласында ғылым докторларының саны – 1, ғылым кандидаттарының саны – 4.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған Касымов Куаныш Тлебалдыевичтің «Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі» тақырыбындағы диссертациясын қорғау.

Диссертациялық Кеңестің төрайымы: Абуова Гульжан Наркеновна, м.ғ.к., профессор.

Ғылыми хатшы: Кемелбеков Канатжан Сауханбекович, PhD.

Диссертациялық Кеңестің төрайымы Абуова Гульжан Наркеновна:

Сәлеметсіздер! Аса құрметті Диссертациялық Кеңес Мүшелері!

Добрый день! Глубокоуважаемые члены Диссертационного Совета!

Бүгін Диссертациялық Кеңес мәжіліс залында 8D10141 «Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшелері қатысып отыр:

Диссертациялық Кеңестің төрайымы Әбуова Гүлжан Нәркенқызы – м.ғ.к., профессор, «Жұқпалы аурулар және дерматовенерология» кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Диссертациялық Кеңес төрайымының орынбасары Жарқынбекова Нәзира Асанқызы – м.ғ.к., профессор, «Неврология, психиатрия, оңалту және

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		34 беттің 2 беті

нейрохирургия» кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Ғылыми хатшы - Кемелбеков Қанатжан Сәуханбекұлы – PhD, «Педиатрия-2» кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Аталған қорғауға байланысты Диссертациялық Кеңестің уақытша мүшелері ректордың 2024 жылғы 21 мамырдағы №57 бұйрығымен «8D10141 - Медицина» мамандығы бойынша бекітілді:

1. Профессор **Орчун Сахин** (Prof. Dr. Orçun ŞAHİN) – Башкент университетінің травматология және ортопедия кафедрасының профессоры, Анкара, Түркия – онлайн қатысуда.

2. **Римашевский Денис Владимирович**, Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университетінің травматология және ортопедия кафедрасының доценті, медицина ғылымдарының кандидаты, Мәскеу қ., Ресей – онлайн қатысуда.

3. **Тулеубаев Берик Еркебуланович** – Қарағанды медицина университетінің хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Қарағанды қаласы, Қазақстан.

Офлайн қатысып отыр.

Бүгінгі мәжілісте келу парағы бойынша Диссертациялық кеңестің 6 мүшесінен 6 адам қатысып отыр, екеуі онлайн.

Осылайша, Диссертациялық кеңес мәжілісін өткізу үшін кворум бар.

Сонымен қатар, диссертациялық кеңес мәжілісінде **ғылыми кеңесшілер** қатысып отыр:

Отандық ғылыми кеңесшілер:

1. **Жунусов Ерсин Турсынханович** – «Халықаралық травматология және ортопедия ғылыми орталығы» ЖШС Бас директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қаласы, Қазақстан.

2. **Тлемисов Айдос Советканович** – «Абай облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының мүгедектігі бар адамдарды реабилитациялау және оңалту орталығы» КММ-ның директоры, PhD, қауымдастырылған профессор, Семей қаласы, Қазақстан.

Шетел ғылыми кеңесшісі:

Профессор Хусейн Демирёрс (Hüseyin Demirörs), MD, профессор, медицина ғылымдарының докторы, травматолог-ортопед, Анкара қаласы, Түркия.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 34 беттің 3 беті

Сонымен қатар, Диссертациялық кеңестің мәжілісіне **ресми рецензенттер** қатысып отыр.

Тезекбаев Канат Марденович – "С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті" КеАҚ травматология және ортопедия кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің "Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың Ұлттық ғылыми орталығы" ЖШҚ КМК-ның бас директоры, медицина ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы, Қазақстан.

Заднепровский Никита Николаевич – Н.В.Склифосовский атындағы жедел жәрдем ғылыми-зерттеу орталығының доценті, медицина ғылымдарының кандидаты, Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы. Онлайн қатысуда.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының» АҚ 8D10141 – «Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес мәжілісін ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Күн тәртібінде - философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған Касымов Куаныш Тлебалдыевичтің «Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі» тақырыбындағы диссертациясын қорғау.

Диссертация «Семей Медицина Университеті» КеАҚ «Травматология-ортопедия және балалар хирургиясы» кафедрасында орындалды.

Ізденушінің аттестациялық іс құжаттарын жариялау үшін Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, PhD, **Кемельбеков Канатжан Сауханбековичке** сөз беріледі (5 минут).

Кемельбеков Канатжан Сауханбекович:

Аса құрметті диссертациялық кеңестің төрайымы және диссертациялық кеңестің мүшелері!

Диссертант Касымов Куаныш Тлебалдыевичтің жеке ісінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті талап етілген тізімдеме бойынша барлық құжаттар жинақталған. Тиісті құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылды. Диссертанттың жеке мінездемесімен таныстырып шығуға рұқсат етіңіздер:

Касымов Куаныш Тлебалдыевич, 1987 жылы дүниеге келген. 2005жылы Семей Медицина Университетінде «Емдеу ісі» мамандығы бойынша оқуға

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес	044/23(1)	
Стенограмма	34 беттің 4 беті	

қабылданып, аталған оқу орнын 2012 жылы аяқтап «дәрігер хирург» біліктілігін иеленген.

2012 - 2015 жылдар аралығында Астана қаласындағы «Республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығында» резидентурадан өтіп, «травматолог-ортопед» мамандығын алған.

2017-2018 жылдары «Семей медицина университетінің» ортопедиялық хирургия кафедрасының ассистенті, ал **2018-2019 жылдары** Семей қалалық «Жедел медициналық жәрдем ауруханасында» ортохирургия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған.

2018-2020 жылдар арасында ҚР БҒМ "Қазақстан Республикасындағы жол-көлік оқиғалары салдарынан жамбас сүйектерінің зақымдануын ортохирургиялық оңалту жүйесін әзірлеу" тақырыбында гранттық қаржыландырылған ғылыми жобаға қатысқан.

2019-2022 жылдар арасында гранттық қаржыландырумен жүрген ғылыми жоба тақырыбы аясында "Семей Медицина университеті" КеАҚ 8D10102 - "Медицина" мамандығы бойынша PhD докторантурада оқыған.

2022 жылы докторантура бағдарламасымен **Түркия Республикасы, Анкара қаласындағы, Bashkent University Hospital** екі апталық клиникалық, ғылыми- практикалық тағылымдамадан (стажировка) өткен.

Сонымен қатар аталған жылы Ресей Федерациясы, Екатеринбург қаласында жамбас хирургиясы кадаверлік курсы бойынша біліктілігін арттырған.

Диссертант Касымов Куаныш Тлебалдыевичтің Диссертация жұмысының тақырыбы: «Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі». Диссертация тақырыбы «Семей медицина университетінің» КеАҚ Ғылыми Кеңесінде бекітілген(Хаттама №3, 21.10.2019жыл).

Диссертация жұмысының тақырыбы бойынша 8 ғылыми жарияланымдар жарияланған. Оның 2 халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында. 1 мақала Scopus дерекқорына базасына енетін 26 проценти бар "Georgian Medical News" журналында жарияланған. 3 мақала Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарық көрген. Сонымен қатар, Өнертабысқа Еуразиялық патент, Қазақстан Республикасының №34591 патенті, «Сегізкөз-мықын байламының зақымдануларының аз инвазивті құлыптаушы остеосинтезі» тақырыбындағы әдістемелік нұсқауық, «Ұршық ойығы мен жамбас сүйектерінің сынықтарының диагностикасы және кешенді емі» тақырыбында монография жарияланған. Екі енгізу актілері жасалынған.

Диссертанттың жеке ісінде «Семей медицина университетінің» КеАҚ хирургиялық профильдегі медицина бойынша кафедрааралық кеңестің он

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		34 беттің 5 беті

қорытындысы бар. (**Хаттама №7, 14.03.2024жыл**), онда диссертациялық жұмыс қорғауға ұсынылған.

"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында" докторанттың диссертациясына салыстырмалы-сәйкестіліктер бойынша талдау жүргізілген. Талдау нәтижесінде сәйкестіктер анықталмады (анықтамасы жеке іс құжаттарында тіркелген).

Осылайша, Касымов Куаныш Тлебалдыевичтің жеке ісінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің "Ғылыми дәрежелер беру қағидаларында" белгіленген талаптарға толық жауап беретін барлық қажетті құжаттар тіркелген.

Назар салып тыңдағандарыңызға алғыс білдіремін!

Абуова Гульжан Наркеновна:

Рахмет, Канатжан Сауханбекович!

Диссертанттың жеке іс құжаттары бойынша сұрақтар бар ма?

Есть ли вопросы по личному делу диссертанта?

Сұрақтар жоқ. Диссертацияның негізгі ережелерін баяндау үшін Касымов Куаныш Тлебалдыевичке сөз беріледі. Сізге диссертациялық жұмыстың негізгі ережелерін баяндау үшін **20 минут** беріледі.

Ізденуші:

Қайырлы күн, аса құрметті Диссертациялық Кеңестің төрайымы, Диссертациялық Кеңестің Мүшелері, қатысушылар!

«Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі» тақырыбындағы ғылыми жұмысымызды таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Жамбас сақинасының сынықтарының жиілігі барлық сынықтардың 0,3 – 8 пайызын ғана құрайды. 50-60% жағдайда политравма кезінде жамбас сүйектерінің сынуы АО/ASIF классификациясы бойынша тұрақсыз В және С типіне жатады. Жамбас жарақаттарының құрылымында артқы бөлімдердің жарақаттары – 20-дан 51,0% жағдайда, және жас науқастарда жиі кездеседі (15-30 жас аралығында).

Зерттеуге сәйкес жамбас сүйектерінің сынуы:

- 22,7% жағдайда сегізкөз-мықын буынының зақымдануымен,
- 23,7% сегізкөз сынықтарымен,
- 51,9% жағдайда сегізкөз-мықын байламының зақымдануымен,
- 21,4% жағдайда сегізкөздің бүйір массасының трансформинальды сынықтары қосарланады.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		34 беттің 6 беті

Жамбас сынықтарын емдеу ортопедиялық хирургиядағы ең қиын жұмыстардың бірі болып табылады, емдеудің заманауи әдісі –хирургиялық ем, яғни ерте функционалды тұрақты остеосинтез.

Ұзақ мерзімдік бақылау нәтижелерінде, емнің қанағаттанарлықсыз нәтижелері 30-дан 60% -ға дейін болуы мүмкін.

Осылайша, диагностиканы жақсарту және сегізкөз-мықын байламының зақымдануларын емдеу тиімділігін арттыру бүгінгі күні травматологияның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: сегізкөз-мықын байламының зақымдануларын емдеу нәтижелерін жақсарту.

Зерттеудің мақсатына жету үшін біз 4 тапсырма қойдық.

Ғылыми жаңалық: алғаш рет:

- компрессия және декомпрессия элементтері бар сегізкөз-мықын байламының зақымдануларын аз инвазивті бекітуге арналған жаңа құрылғы әзірленді.
- әзірленген құрылғының биомеханикалық ерекшеліктері зерттелді.
- аталған бірегей құрылғының науқастарда клиникалық қолдану нәтижелерін зерттеу жүргізілді.
- осы құрылғының көмегімен сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын хирургиялық бекіту тәсілі ойлап табылды.
- салыстырмалы бағалау негізінде дәстүрлі әдіспен салыстырғанда әзірленген құрылғыны қолданудың артықшылықтары дәлелденді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар

Жаңа құрылғы көмегімен сегізкөз дисморфизмі жағдайында сегізкөз-мықын байламын бекітуге болады, бұндай жағдайларда дәстүрлі илиосакральді винтпен бекіту үлкен қиындықтармен іске асырылады. Сонымен қатар, бұл құрылғыны сегізкөздің трансфораминальді сынықтарында жүйке талшықтарының қысылуы мен неврологиялық симптоматика болған жағдайда аз инвазивті жолмен декомпрессия жасау үшін қолдануға болады.

Зерттеу материалдары мен әдістерінің жалпы сипаттамасы

Ғылыми зерттеу жұмысы ҚР БҒМ "Қазақстан Республикасындағы жол-көлік оқиғалары салдарынан жамбас сүйектерінің зақымдануын ортохирургиялық оналту жүйесін әзірлеу" гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде орындалды (2018-2020 ж).

- Бірінші кезеңде - 286 әдеби дереккөзге терең шолу жасалды.
- Екінші кезеңде құрылғы әзірленіп,
- Үшінші кезеңде оның биомеханикалық ерекшеліктері зерттелді.
- Төртінші кезеңде әзірленген құрылғымен сегізкөз-мықын байламының зақымдануларын хирургиялық бекіту тәсілі ойлап шығарылды.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		34 беттің 7 беті

•Бесінші кезеңде бұл құрылғыны пайдалана отырып жүргізілген хирургиялық емнің нәтижелерін салыстырмалы бағалау жүргізілді.

Құрылғы Польша Республикасында әлемдік ірі имплант өндірушілердің бірі ChM z.o.o. компаниясында халықаралық стандарттарға сәйкес, титан мен оның қорытпаларынан өндірілді және сол компанияда сынақтардан өткізілді. Өнертабысқа ҚР патенті, және Еуразиялық патент алынды

Суретте құрылғының сызбасы: үстінен (а) және қырынан (ә) көріністері:

Құрылғы диаметрі 8,0 мм негізгі (1) және 11,0 мм болатын проксимальды динамикалық бөліктен (2) тұратын өзегі бар шеге. Құлыптаушы винттер (5) 120° қиғаш орналасқан. Проксимальды бөлігінде орнатылған тетік (7) және ұзартылған 20,0мм ойық (6) құлыптаушы винтті (5) жылжытуға арналған. Тетікті сағат тілі бағытымен бұраса құлыптаушы винтті сырғытып компрессия, ал егер сағат тіліне қарсы бұраса дистракция жасалынады.

Биомеханикалық сынақтар халықаралық стандарттарға сәйкес ChM z.o.o. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бөлімінде жүргізілді және хаттамаланды.

Сынақтар MTS Bionix сынақ құрылғысында жүргізілді.

Барлығы 5 сынақ жүргізілді: оның 3-і статикалық жүктемені құру арқылы және 2-і динамикалық жүктемемен:

1-сынақ: статикалық ротация сынағы: 360°/мин жылдамдықпен, екі шеге сыналған, біреуі винттер зақымдалғанға дейін, екіншісі шегенің бір бөлігі зақымдалғанға дейін.

2 және 3-сынақтар: статикалық қысу және созу сынақтарында винттер істен шыққанша 10мм/мин жылдамдықта максималды қысу немесе созу жүргізілген.

4-сынақ: Жүйенің динамикалық қысу сынағы: 4 рет және циклдердің белгілі бір мөлшерінде максималді күш қолдану арқылы жүргізілді: үш жағдайда винттер, ал біреуінде шеге зақымдалғанша дейін.

5 – жүйенің созылуын динамикалық сынауы дәл қысу сынағындай жүргізілді.

Осылайша, әзірленген құрылғының биомеханикалық сынақтарының нәтижелері келесі қасиеттерді көрсетті:

–28,8 Nm күшпен 360°/мин жылдамдықпен бұралған кезде, винт бұрандасының зақымдануы тек 52° бұрышында болды, ал шегенің проксимальді бөліміндегі тетігінің бұрандамен түйіскен жерінде сыну тек 60° дейін бұралған кезде және 31,3 Nm күш моментінде болды;

–статикалық қысу сынақтарында құрылғының зақымдануы жүктеменің 13121N (1327,9 кг), созылу кезінде – 13664N (1393,3 кг) деңгейінде болды;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 34 беттің 8 беті

–динамикалық қысу сынақтарында құрылғы жүктемені ең жоғарысы 1750N күшпен 117 000 рет циклде, ең азы 750N күшпен 1 миллион рет циклға дейін зінің беріктігін көрсетті;

–динамикалық созу сынақтарында құрылғы жүктемені ең жоғарысы 6500N күшпен 600 рет циклде, ең азы 1750N күшпен 1 миллион рет циклде көтере алды;

Яғни, біздің құрылғы қысу кезінде 13121 N және созу кезінде 13664 N дейін беріктігін көрсетті. Ал басқа авторлардың зерттеулерде, мысалы, Gorczusa ең көбі 1066 N дейін, ал Sahin 2250 N дейінгі жүктемелер жасаған. Бұл зерттеулерде вертикальді жүктеме жамбас сүйегінің моделінде жасалған, ол біздің сынақтарда қысу және созу сынақтарына сәйкес келеді.

Үшінші тапсырмамыз – әзірленген құрылғының көмегімен сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын хирургиялық бекіту тәсілі шығарылды.

Алдымен бұл тәсілмен аз инвазивті ота жасау үшін арнайы аспаптардан тұратын жиынтық жасалынды.

Операцияға дайындықта компьютерлік томографияның нәтижесін мұқият зерттеп, онда сынықтың сипатына, сегізкөз бен мықын сүйектерінің анатомиялық ерекшеліктеріне назар аудару керек. Құрылғының орналасу деңгейі, өткізу нүктесі, құрылғының және құлыптаушы винттердің ұзындығы жоспарланады.

Құрылғыны имплантациялау процесі үш кезеңге бөлінеді:

1. Бағыттаушы сымды дұрыс орнату және құрылғы үшін мықын сүйектерін бұрғылау. Арнайы аспаптар көмегімен бағыттаушы сымға арнап сүйек бұрғыланады. Бағыттаушы сым орнатылып, оның бойымен өзегі бар бұрғылармен сүйектер тесіледі.

2. Құрылғыны енгізу және винттермен құлыптау.

3. Құрылғының проксимальді бөлімінде орнатылған тетікті бұрау жолымен сынықшалар компрессиясын немесе дистракциясын жасау.

Рентгеноскопиялық бақылау жасап, операция аяқталады.

Клиникалық мысал ретінде: 21 жаста, әйел. Сегізкөз-мықын байламын әзірленген құрылғымен аз инвазивті бекіту операциясы жасалынды. Суретте 6 айдан кейінгі өте жақсы нәтиже.

Зерттеудің келесі кезеңі сегізкөз-мықын байламы зақымдануы бар науқастарда кешенді емдеу нәтижелеріне салыстырмалы баға беру болды.

Бұл зерттеу:

Абай облысының ДСБ «Жедел медициналық жәрдем ауруханасы» ШЖҚ КМК политравма және ортохирургия орталығының (Семей қаласында),

Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпсалалы қалалық аурухана» ШЖҚ КМК политравма және эндопротездеу бөлімшесінің,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 34 беттің 9 беті

Шымкент қаласының «№1 қалалық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК базаларында жүргізілді.

Зерттеудің бұл кезеңінің дизайны рандомизацияланған бақыланатын сынақ болды.

Зерттеуге бақылау және тәжірибе топтарына бөлінген сегізкөз-мықын байламының зақымдануы бар 60 науқас енгізілді. Бқл зақымдану сирек кездесетіндіктен үздіксіз іріктеу жүргізілді. Науқастарды топтарға бөлу кездейсоқ түрде «Рандомус» сандар генераторының көмегімен жүргізілді.

Бақылау тобындағы науқастарға стандартты әдіс бойынша операция жасалды, ал тәжірибе тобындағы науқастарға әзірленген құрылғыны пайдалану арқылы операция жасалды.

Науқастарды зерттеуге қосу критерийлері: таңдалған кезеңде политравма бөлімшесіне түскен, АО классификациясы бойынша В және С типті жамбастың тұрақсыз зақымдануы бойынша хирургиялық ем алған 18 бен 65 жас аралығындағы науқастар, сегізкөз-мықын байламының зақымдануы, Денис бойынша I және II типті сегізкөздің бүйір массасының сынуы бар науқастар (Denis I, II), зерттеуге қатысуға ақпараттық келісім.

Науқастарды зерттеуден алып тастау критерийлері: жасы 18-ден төмен және 65 жастан асқан науқастар, жүкті әйелдер, қатерлі ісікпен ауыратын, химиотерапия және сәулелік терапия алатын немесе сүйек метастаздары бар науқастар, жамбастың ішкі мүшелерінің күрделі жарақаттары бар науқастар.

Емнің тиімділігін бағалауға ауруханадан шығу сәтінде, операциядан кейін 3,6 және 12 айдан кейін ауырсынуды бағалаулар және еңбекке жарамсыздық мерзімі кіреді. Емдеу нәтижелерін бағалау Маджид шкаласы бойынша ұзақ мерзімді кезеңде науқастардың өмір сүру сапасын зерттеуді қамтиды.

Бұл кестеде тәжірибе және бақылау топтарына кірген науқастардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы көрсетілген. Берілген кестені талдау негізінде зерттеу топтары өздерінің негізгі әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларымен шамалас деген қорытынды жасауға болады.

Клиникалық диагноз бойынша тәжірибе және бақылау топтарындағы науқастардың бөлінуі 1-суретте көрсетілген.

Диагноз бен бақылау тобы арасында корреляциялық байланыс жоқ.

Екінші кестеде жарақаттану түрі бойынша төрт санатқа бөлінді: науқастардың жарақаттану түрі мен бақылау тобы бойынша таралуын талдау кезінде айырмашылықтар анықталған жоқ.

Стационарға жеткізу тәсілі бойынша топтар шамалас болды. Салыстырылатын топтар мен жарақаттық шоктың болуы немесе болмауы арасында байланыс табылмады, бұл топтардың шамалас екенін көрсетеді.

Сондай-ақ жамбасты алғашқы бекітуді қолдану, ПТС шкаласы бойынша бағалау бойынша топтар шамалас болды

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 34 беттің 10 беті

Операцияға дейін тәжірибелік топтағы трансфораминальды сегізкөз сынықтары бар науқастардың 13,3%-да перианальды ауырсыну, жамбастың артқы беттерінің және шап аймағының ұюы түріндегі неврологиялық белгілер болды. Барлық науқастар үшін сегізкөз-мықын байламының әзірленген құрылғымен дистракция жасап бекітіліп, сол күні кешке ауырсыну мен ұю қайтып оң нәтиже болды.

Бақылау тобында операциядан кейін науқастарда 6,7% табанның бірінші саусағының ұюы, перианальды ауырсыну және шап аймағындағы ұю түріндегі неврологиялық асқынулар анықталған.

Әдебиет деректеріне сәйкес, жамбастың артқы жартылай сақинасының зақымдануымен неврологиялық зақымданудың клиникалық белгілері 42-54% жағдайда кездеседі.

Осылайша, әзірленген құрылғы фрагменттер дистракциясымен және сол қалыпта тұрақты бекіту мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Бұл функция жүйке құрылымдарының қысылу қаупі бар сегізкөздің трансфораминальды сынықтары кезінде сынық орнын кеңейтуге мүмкін береді.

Зерттеу топтарындағы науқастарда бірдей 6,6% сегізкөз дисморфизмі болды және операция барысында бақылау тобында техникалық қиындықтар туындады, ал операция нәтижесінде бақылау тобындағы науқастарда ауырсынулар байқалды. Бұндай ауырсынулар тәжірибе тобындағы науқастарда байқалмады.

Ауырсыну деңгейі бойынша 0-ден 10 баллға дейінгі сандық бағалау шкаласы үш санатқа бөлінді: жеңіл ауырсыну (1-ден 4 баллға дейін), орташа ауырсыну (5-тен 6 баллға дейін), қатты ауырсыну (7-ден 10 баллға дейін). Түскен кездегі ауырсыну деңгейі екі топта да бірдей 10 ұпай болды.

Сонымен, ауруханадан шығарылу күні науқастардың көпшілігі ауырсынуды жеңіл деп бағалады. Тәжірибе тобында қатты ауырсынғандар болған жоқ, ал бақылау тобында 10% болды.

Корреляциялық талдау жүргізу барысында бақылау тобы мен 3 айдан кейін науқастардың ауырсынуын бағалау арасындағы корреляциялық байланыс анықталды.

Операциядан кейін 12 айдан кейін науқастардың ауырсынуын бағалау жүргізілді.

Бақылау тобы мен 12 айдан кейін науқастардың ауырсынуын бағалау арасындағы корреляциялық байланыс анықталды.

Зерттеудің келесі кезеңі Маджид шкаласы бойынша бағалау болды. Бағалау Маджид шкаласы критерийлерінің сомасы бойынша емдеуден кейін 3 айдан ерте емес, 6 және 12 айдан кейін жүргізілді. 5 фактор қарастырылып бағаланды: ауырсыну, тұру, отыру, жұмысты орындау қабілеті, жыныстық функция.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес	044/23(1)	
Стенограмма	34 беттің 11 беті	

Маджид шкаласына сүйеніп бағалау бойынша тәжірибелік пен бақылау тобы арасында сенімді айырмашылықтар анықтады.

3 айдан кейін Мажид шкаласы бойынша қанағаттанарлықсыз нәтиже бақылау тобындағы науқастардың 10,0%-да байқалса, тәжірибелік топтағы науқастарда болған жоқ.

6 айдан кейін Мажид шкаласы бойынша қанағаттанарлықсыз бағалау бақылау тобындағы науқастардың 3,3%-ында байқалса, тәжірибелік топтағылардың бірінде де болмады.

12 айдан кейін Маджид шкаласы бойынша бөлуде қанағаттанарлық бағалау бақылау тобындағы науқастардың 10%-ында байқалса, тәжірибелік топтағы бірде-бір науқаста болған жоқ.

Екі топта да қанағаттанарлықсыз жауаптар 12 айдан кейін бағалауда болмады.

Әзірленген құрылғыны қолдана отырып емдеудің нәтижелерін салыстырмалы бағалау құрылғыны қолдану емдеу кезеңінің ұзақтығын азайтуға мүмкіндік беретінін көрсетті (орта есеппен науқастар 11 күнге ертерек шығарылған). Бақылау тобында тәжірибелік топпен салыстырғанда 1,5 есе жоғары болды. Ауырсынудың азаюымен сипатталған науқастардың жағдайының жақсаруы алғашқы 3 күнмен салыстырғанда 12 айдан кейін тәжірибелік топта 13,3%-дан 86,7%-ға дейін және бақылау тобында 10%-дан 66,6%-ға дейін өскен. Маджид шкаласы бойынша алыс кезеңде бағалауда (3,6 және 12 ай) өте жақсы нәтиже тәжірибелік топта 13,3%-дан 90,0%-ға, бақылау тобында 10%-дан 73,4%-ға дейін жоғарылаған.

Тәжірибелік ұсыныстар:

1. Илиосакральді винтпен бекіту өте күрделі болатын сегізкөз дисморфизмі кезінде бірегей құрылғыны қолдану ұсынылады.

2. Жұлын тамырларының қысылуымен болған сегізкөздің Денис бойынша II аймағының сынықтары кезінде бірегей құрылғыны қолдануға кеңес беріледі, өйткені құрылғының проксимальді ұшының ұзартылған тесігі арқылы және ішіне орнатылған бұрандалы тетік көмегімен құлыптаушы винттерді бір-біріне қарай немесе керісінше жылжыту жолымен сынықшалар компрессиясын немесе дистракциясын жасап, сол қалыпта тұрақты бекітуге мүмкіндік бар.

3. Бірегей құрылғының аз инвазивті әдіспен орнатылуы операциядан кейінгі жаралардың қабыну қаупін азайтады және науқасты ерте реабилитациялауды бастауға мүмкіндік береді.

Қорытындыны оқымауға рұқсат етіңіздер, экрандарыңызда көрсетілгендіктен.

Назарларыңызға рахмет!

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 34 беттің 12 беті

Абуова Гулжан Наркеновна: Рахмет, Куаныш Тлебалдыевич! Құрметті Диссертациялық Кеңестің мүшелері, мархабат, сұрақтарыңыз болса, диссертантқа сқрақ қоюларыңызға болады.

Денис Владимирович, профессор Орчун Сахин, можете задать вопросы диссертанту.

Берик Еркебуланович, Сіздің сұрақтарыңыз?

Тулеубаев Берик Еркебуланович:

Уважаемый диссертант, у меня есть ряд вопросов. Вы записывайте, потому что их много. Вопросы:

1. как объяснить, при продольных трансформированных переломах с компрессией нервных окончаний, ваш аппарат позволяет произвести малоинвазивную декомпрессию? В чем принцип?
 2. какое количество проведено операций вами лично?
 3. какой процент гнойных осложнений? Был ли он?
 4. какие биомеханические исследования проведены конкретно, кроме указанного аппарата?
 5. влияет ли на сроки вертикализации предлагаемая конструкция?
 6. требует ли конструкция удаления и в какие сроки она может удаляться?
 7. почему диаметр конструкции 8 мм?
 8. были ли случаи прорезывания конструкции?
 9. есть ли показания к использованию при артрозах крестцово-подвздошного сочленения?
 10. почему у вас возраст до 65 лет?
 11. предусмотрена ли блокировка винтов внутри конструкции?
- Спасибо!

Ізденуші:

Аса Құрметті Берик Еркебуланович! Рұқсат болса сұрақтарыңызға қазақ тілінде жауап берейін.

- Бірінші сұрақ бойынша, сегізкөздің Денис 2, яғни өзекшелер арқылы (трансфораминальды) сынықтар кезінде декомпрессияның мағынасын былай түсіндіреміз: құрылғының құлыптаушы винттер мықын сүйегінің ең қатты жеріне, 120градуспен және төмен қарай, ацетабулум үсті аймағына (надацетабулярная область) бағытталып бекиді. Сүйектен кесіп шығу (прорезывание) жайлы сұрақтың жауабы да осы, прорезывание болған жоқ, өйткені винтер жамбас сүйегінің қатты аймағына бекиді. Кейін тетікті сағат тілі бағытымен бұрау арқылы сынықшалардың компрессиясына, қарсы бағытта

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес	044/23(1)	
Стенограмма	34 беттің 13 беті	

бұрау арқылы сынықшалардың дистракциясына қол жеткіземіз. Сегізкздің трансфораминальді сынықтары кезінде декомпрессияны осы жолмен береміз.

- Науқастарға өзім жасаған операциялар сан – 15. Қалғандары Астана қаласында және Шымкент қаласында жасалды.

- Іріңді асқынулар болған жоқ. Нгезге мақсатымыз аз инвазивтілік, тері тілігі 1,0 см -ден аспайды, ал құлыптаушы винттерге тілік те өте кіші.

- Биомеханикалық сынақтар тек аталған көлемде жүргізілді. Қайталап кетейін, биомеханикалық сынақтар кезінде құрылғы сынақ аппаратына винттер арқылы бекіп, күш шеге мен винттің түйіскен нүктесіне түсті.

- Консолидация мерзімі зерттелген жоқ, негізгі мақсатымыз функционалды нәтижені зерттеу болды.

- Темірді алып тастауға көрсеткіштер жоқ, өйткені құрылғы халықаралық стандарттарға сай титан мен оның қорытпаларынан жасалған, ағзаға кері әсері жоқ.

- 8 мм диаметрді таңдау себебіміз шегенің өзегі болуынан оның беріктігінің азаюы. Бастапқы жоспарымызда диаметрі 6 мм болған, бірақ биомеханикалық зерттеулерді жоспарлауға барған кезде шетелдік ғалымдармен ақылдаса келе 8мм-ге көтеруді шештік. Сонымен қатар құлыптаушы винттердің диаметрі 4,5мм. Биомеханикалық сынақтар барысында көп зақымдалулар осы құлыптушы винт өтетін тесіктерде болған.

- Артроз кезінде пайдалануға өте ыңғайлы, себебі керегінше мықтап компрессия беруге болады.

- 65 жастан үлкендерді зерттеу тобына алмау себебіміз остеопороз немесе остеопения салдарынан зерттеу нәтижелеріне кері әсерін тигізуі мүмкін.

- Соңғы сұрағыңызды нақтыласаңыз?

Түлеубаев Берик Еркебуланович:

Есть сейчас конструкции блокирующие, то есть винт входит в гвоздь, и он там блокируется. То есть резьба, как в наконечных пластинах с блокированием шляпки, здесь то же самое, блокирующие именно отверстие само.

Ізденуші: На данную конструкцию мы это не учитывали, но это хорошая идея.

Абуова Гулжан Наркеновна: Вы удовлетворены ответом, Берик Еркебуланович?

Түлеубаев Берик Еркебуланович: Да, я удовлетворен. Спасибо!

Абуова Гулжан Наркеновна: Рахмет! Тағы қандай сұрақтарыңыз бар?

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес	044/23(1)	
Стенограмма		34 беттің 14 беті

Уважаемый профессор Орчун Сахин, есть вопросы? (Түрік тілінен аударуға көмек сұрады. Тлемисов Айдос Совеканович аударуға ұсыныс жасады).

Орчун Сахин (аударған Тлемисов А.С.): шегенің винттерінің қиғаштығы неге 120 градус?

Ізденуші: Бұл ғылыми жұмыс, баяндаманың басында көрсетіп кеткендей, гранттық қаржыландырумен жүрген ғылыми жоба аясында жүргізілген. Сол жоба аясында шегенің құлыптаушы винттерінің бағытын есептеу үшін жүзден астам жамбастың компьютерлік томографиясы зерттелініп, 120 градус болуы керек деген шешімге келгенбіз. Басқа жоба болғандықтан бұл жұмыста көрсетпедік.

Орчун Сахин (аударған Тлемисов А.С.): шегенің, винттерінің ұзындығы мен 120 градус қиғаштығы өзгере ме?

Ізденуші: шегенің диаметрі 8 мм – өзгермейді, шегенің ұзындығы 122 мм-ден 166 мм-ге дейін әртүрлі, құлыптаушы винттердің ұзындығы 35 мм-ден 70 ммге дейін. Ал 120 градустағы құлыптаушы винттердің тесгінің бұрышы өзгермейді. Егер әйел адамда жамбас сүйегі ерекше болса да бұл 120 градустық бағытпен қателесу болған жоқ, себенің бірі ацетабулум үстіңгі аймаққа бағытталады, ол аймақ қалңырақ болады.

Орчун Сахин (аударған Тлемисов А.С.): биомеханикалық сынақ өтті ме?

Ізденуші (жауап берген, аударған Тлемисов А.С.): Польшада, ChM компаниясында өтті.

Абуова Гулжан Наркеновна: Рахмет! Тағы сұрақтарыңыз бар ма?

Орчун Сахин (аударған Тлемисов А.С.): жоқ.

Абуова Гулжан Наркеновна: Рахмет! Құрметті Диссертациялық Кеңестің мүшелері, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

Жаркынбекова Назира Асановна: Уважаемый диссертант, я хотела бы спросить, как невролог: пациенты с болевым синдромом при поражении крестцово-поясничного сочленения, прежде всего, обращаются к неврологу, верно? Какие рекомендации вы бы дали практикующим неврологам, когда к ним приходит пациент с таким болевым синдромом? Что бы вы посоветовали

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		34 беттің 15 беті

нашим неврологам и практическим хирургам? На основании Вашего исследования.

Ізденуші: Болевой синдром в крестцово-подвздошной области, с которым обращаются к терапевтам, чаще всего связан с артрозом крестцово-подвздошного сочленения или посттравматическими артрозами, а также с дегенеративными изменениями в крестцово-подвздошном сочленении. При артрозах, особенно при сакроилеитах, в настоящее время используется множество методик, включая радиочастотную денервацию (РЧД), которая применяется в нейрохирургии и дает хорошие результаты. Оперативное лечение требует глубокого анализа и тщательного обследования пациента, так как оно не всегда приносит положительные результаты и подразумевает замыкание сустава. Поэтому основное лечение здесь консервативное. Однако при выраженных артрозах, когда на МРТ уже видна сильная деструкция костной ткани вокруг сустава, мы прибегаем к артродезированию, т.е. замыканию сустава.

Жаркынбекова Назира Асановна: Как вы оценивали болевые синдромы, по каким шкалам?

Ізденуші: Мы оценивали по визуально-аналоговой шкале.

Жаркынбекова Назира Асановна: Какая динамика была до операции и после операции?

Ізденуші: До операции при поступлении мы оценивали уровень боли как 10 баллов, так как при переломах это выраженные боли. Критериями включения у нас являлись только травмы. На момент выписки мы оценивали боли, а также через 3-6 месяцев после выписки.

Жаркынбекова Назира Асановна: Какой балл был при выписке после вашего лечения?

Ізденуші: Болевой синдром оценивался от 0 до 10 баллов по цифровой шкале. Легкая боль от 1 до 4 баллов, средняя боль от 5 до 6 баллов и сильная боль от 7 до 10 баллов. При поступлении у всех, как в контрольной, так и в основной группе, было одинаково 10 баллов. При выписке экспериментальная группа боли не имела, а в контрольной группе 10%, т.е. 3 пациента выписались с болями.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 34 беттің 16 беті

Жаркынбекова Назира Асановна: А какой средний балл.

Ізденуші: В контрольной группе – легкие боли, в основной не было.

Жаркынбекова Назира Асановна: Вы давали дополнительно нестероидные противовоспалительные препараты?

Ізденуші: Да, в ранние послеоперационные периоды мы давали.

Жаркынбекова Назира Асановна: Пациентов отправляли к неврологам для наблюдения.

Ізденуші: Нет. Пациентов из группы исследования наблюдали сами.

Жаркынбекова Назира Асановна: После того как Вы провели операцию, болевой синдром сколько держался? Именно легкой и средней степени тяжести. Это очень важно, потому что такие боли снижают качество жизни пациента. Они приводят к хронизации болевого синдрома.

Ізденуші: Через 3 месяца в экспериментальной группе 0 баллов получили 23 пациента (23%), 1 балл - 6 пациентов, и 2 балла - 1 пациент. В контрольной группе 0 баллов получили 17 пациентов, 1 балл - 4 пациента, 2 балла - 5 пациентов, и 3 балла - 4 пациента. Таким образом, была выявлена значительная разница между экспериментальной и контрольной группами.

Абуова Гулжан Наркеновна: Уважаемая Назира Асановна, Вы удовлетворены ответом?

Жаркынбекова Назира Асановна: Да, удовлетворена.

Абуова Гулжан Наркеновна: тағы қандай сұрақтар бар?

Кемельбеков Канатжан Сауханбекович: Құрметті Қуаныш Тебалдыевич! Менде сіздің диссертацияңызға қатысты келесі сұрақтар бар:

1) сегізкөз-мықын байламының зақымдануларының остеосинтезіне арналған құрылғының биомеханикалық тиімділігін зерттеу кезінде қандай қарсы көрсеткіштер ескерілді?

2) Сіздің зерттеуіңіздің дизайны рандомизацияланған бақыланатын сынақ, зерттеу тобына 60 науқас кірген екен. Бұл қандай көрсеткіштерге

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1977-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		34 беттің 17 беті

байланысты, қандай әдістерге байланысты таңдап алынды? Бұл зерттеуге нәтиже шығаруға, салыстыруға жеткілікті ме?

Ізденуші: Аса құрметті Канатжан Сауханбекович! Сұрақтарыңыз түсінікті, жауап беруге рұқсат етіңіз:

1) Биомеханикалық зерттеу кезінде клиникалық қолдануға қарсы көрсеткіштер таппадық, сондықтан зерттеудің келесі кезеңін жалғастырдық.

2) Баяндаманың басында айтқандай, жамбас сүйектерінің сынуы әркімге келеді: 22,7% жағдайда сегізкөз-мықын буынының зақымдануымен, 23,7% сегізкөз сынықтарымен, 51,9% жағдайда сегізкөз-мықын байламының зақымдануымен, 21,4% жағдайда сегізкөздің бүйір массасының трансформинальды сынықтары қосарланады. Бірақ біздің ХАЖ-10 кодтау жүйемізде бұлар жекелеген жамбас сынуы диагнозымен немесе политравма, яғни Т02.8 кодымен белгіленеді. Сондықтан «размер выборки» өткізу мүмкіндігіміз аз болды да үздіксіз теру (сплошная выборка) жасадық. Статистика тұрғысынан 30 науқастың жеткілікті екені жайлы университет ғалымдарымен, ғылыми жетекшілеріммен бірнеше талқылаулар болып, ғылыми тұрғыдан 30 науқас минимальді сан болғандықтан алдық.

Кемельбеков Канатжан Сауханбекович: критерийлер бойынша сұрақ қойған едім.

Ізденуші: Науқастарды зерттеуге қосу критерийлері: 18 бен 65 жас аралығындағы науқастар. Жүкті әйелдер, қатерлі ісікпен ауыратын науқастар, декомпенсация сатысындағы ішкі ағза аурулары бар науқастар алынбады. Сондай-ақ жамбастың ішкі мүшелерінің күрделі жарақаттары бар науқастар алынбады, себебі зәр-жыныс жолдарының жарақаттары емнің кез-келген түрінде асқынулар шақырады, тіпті консервативті емнің өзінде.

Кемельбеков Канатжан Сауханбекович: Куаныш Тлебалдыевич, сұрағымды нақтылап жіберейін. Сынықтың бұл түрі политравмамен қосарланып келсе, осы жағдайлардың ішінен науқастарды қалай таңдап алдыңыз? Қандай критерийлерге сүйендіңіз?

Ізденуші: Біз үздіксіз теру жүргіздік. Сегізкөз-мықын байламы зақымдалуы, сегізкөз сынықтары бар науқастарды алдық, тәжірибе немесе бақылау тобына баруын «рандомус» программасымен кездейсоқ сандар арқылы анықтадық.

Абуова Гулжан Наркеновна: Жауапқа қанағаттандыңыз ба?

Кемельбеков Канатжан Сауханбекович: ие, қанағаттандым.

Абуова Гулжан Наркеновна: Құрметті Куаныш Тлебалдыевич! Менің де сұрақтарым бар:

1) Аз инвазивті остеосинтез кезінде қандай асқынулар пайда болуы мүмкін және оларды қалай болдырмауға болады?

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес	044/23(1)	
Стенограмма	34 беттің 18 беті	

2) Осындай зақымдануларды емдеудің альтернативты әдістері бар ма және олардың аз инвазивті остеосинтезге қарағанда артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

Ізденуші: Аса құрметті Диссертациялық Кеңестің төрайымы!

1) Аз инвазивті остеосинтезден кейінгі асқынулар қаупі бар, себебі жамбас сақинасы күрделі анатомиялық құрылым және сегізкөздің айналасында нервтік, веноздық өрімдер өте көп. Илиосакральді винттерді енгізу қателігі салдарынан венозды немесе нервтік өрімдерді зақымдау қаупі (ятрогенді) өте жоғары, әсіресе сегізкөз дисморфизмі кезінде. Ал біздің тұрғыдан соларды ескере отырып, жаңа құрылғыны венозды, нервтік өрімдерден қашып сегізкөздің артынан өткіздік. Оның ятрогендік зақымдау қаупі аз және тәжірибесі аз болса да ынтасы бар жас травматологтар бұл әдісті қолдана алады, өйткені ота жасауға қауіпсіз және ыңғайлы етіп әзірленген.

2) Альтернативті жолдары бар, 1980-жылдарға дейін басым көбі консервативті емделген, нәтижелері де жақсы олған. Оперативті емнің басымдылығы – біріншіден, репозиция мүмкіндігі, яғни наркоз бергеннен кейін бұлшықеттер босап ашық немесе жабық репозиция жасауға болады, екіншіден, операциядан кейін ертеңінде аяққа тұрғызып, ерте реабилитация жасауға мүмкіндік бар. Бұл – оперативті емнің басымдылығы. Консервативті ем кезінде жамбас сүйектерінің қисық болса да бітісу мүмкіндігі бар, одан науқас өміріне қауіп жоқ, бірақ жұмысқа жарамдылығы төмендеуі мүмкін.

Абуова Гулжан Наркеновна: Рахмет! Тағы да сұрақтар бар ма?

Уважаемый Денис Владимирович, у Вас есть вопросы к диссертанту?

Римашевский Денис Владимирович: Спасибо большое! Были ли случаи удаления этих устройств? Если были, то по каким показаниям?

Ізденуші: Уважаемый Денис Владимирович! Случаи удаления были, во всех случаях по настоянию пациента. Мы полагаем, что это связано с информированным согласием, которую мы разъясняли до операции, где расписаны все возможные осложнения.

Римашевский Денис Владимирович: 1) на удаленных стержнях были ли признаки металлоза либо изменения? 2) Для удаления данного устройства пациенту надо возвращаться в стационар, где оперировали или можно удалять в других травматологических отделениях? Требуется ли специальный инструментарий?

Ізденуші: Для удаления требуется только желание травматолога. Для удаления подходят инструменты от других наборов интрамедуллярного остеосинтеза (по АО) в частности ChM. Например отвертка T15, резьба экстрактора M9. Сложностей нет.

Римашевский Денис Владимирович: На удаленных стержнях были ли признаки металлоза либо изменения?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		34 беттің 19 беті

Ізденуші: признаков металлоза, дефектов металла в зонах прикосновения стержня с винтом и деформации винта на пациенте не было.

Римашевский Денис Владимирович: С учетом специфики повреждений, рисков инфекционных осложнений, проводили ли бактериологическое исследование самого импланта и зоны операции.

